



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МҰҚТАЖ ЖАНДАР
КЕШЕНДІ КӨМЕККЕ
ЗӘРУ



Қараша айында Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Д.Зәкиева, Л.Рамазанова, Б.Кесебаева, Ө.Әбсеметова мен Ж.Сүлейменова ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевқа депутаттық сауал жолдаған еді. Өйткені, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сәйкес қазіргі таңда 6 млн 750 мың отбасының жартысына жуығына қолдау керек. Олардың 1 млн 145 мыңы дағдарыс жағдайында, 1 млн 600 мың отбасы шұғыл қиын жағдайда.

(Соңы 3-бетте)

МІНБЕР

ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ
ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ
ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Өздеріңізге белгілі, мемлекетіміздің мәртебесін биіктететін, өзге ұлттардан даралайтын басты белгіміз – туған тіліміз. Тілсіз мемлекет болмайды, халық – халық болып қалыптаса алмайды. Тәуелсіздіктің шуақты таңы атып, егемендікке қол жеткізгеннен кейін мемлекеттік тіліміздің мәртебесін айқындау негізгі мақсат болды.

Мемлекеттік тілді дамыту бағытында заңдардың қабылдануы, үздіксіз реформалардың жүргізілуі, түрлі бағдарламалардың жүзеге асырылуы тіліміздің нығаюына айқара жол ашты. Мемлекеттік тіл төңірегінде әбден қордаланған мәселелер өз шешімін тауып, 1996 жылғы 4 қарашадағы «Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасында» тілдік дамудың басым бағыттары мен тілдердің қызмет ету жүйесі айқындалып, мемлекеттік тілде іс жүргізу мен қызметтік қарым-қатынас жасау тетіктері атап көрсетілді. Ата Заңымыздың 7-бабында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі деп белгіленді. Алайда, тәуелсіздік алғанымызға қанша жыл өтсе

де елімізде мемлекеттік тілімізге ресми қолдау көрсетумен қатар, қоғам тарапынан қамқорлық жасау мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Оған себеп те жоқ емес. Атап айтсақ, қоғамдық ортадағы ресми тілдегі дыбыстық хабарламалар, көшедегі қатесінен көз сүрінетін қазақ тіліндегі жарнамалар, орыс тілінде шүлдірлескен қазақтың балалары. Айта берсек, мұндай мысалдар көп-ақ.

Ұлы көштің ұлы аманаты

Ұлы көштің ұлы аманаттары саналған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі

жолы», «Өз-Тәукенің Жеті Жарғысы», одан кейінгі құқықтық қатынастар да ең алдымен қазақ тілінен, ана тілімізден сусындап жатқаны сөзсіз. Ал, би өз кезегінде заңды «бес саусағындай» білуші ғана емес, қызыл тілде ешкімге дес берместей шешен болуға тиіс деп жатамыз. Сонау бағзы заманда аузы дуалы билеріміз шешендік сөздерімен елді өзіне ұйытып, бір ауыз сөзімен қылмыскерлердің мойнына қыл бұрау салды емес пе?! Осы орайда, Міржақып Дулатовтың «Халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмейтін сот – сот емес, сор», – деген сөздері еске түседі.

Жаңа Қазақстанның талабына сақадай сай болу үшін бүгінгінің судьясы да алдымен қазақ тілінде еркін сөйлеп қана қоймай, оны терең игере білуі қажет. Сонда ғана сот төрелігіндегі мемлекеттік тіл абыройлы болмақ. Оған өзін тамшыдай болса да үлесімді қосып жүрмін деп айта аламын.

(Соңы 2-бетте)



«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ,
БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ!»

3-бет



БАНКРОТТЫҚ РӘСІМСІЗ
БОРЫШКЕРДІ ТАРАТУ
ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

4-бет



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ
САЛАСЫНДАҒЫ
ШЕКТЕУЛЕР

8-бет

ТҮҒЫП

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы Жоғарғы
Сотының судьясы:

«АТА ЗАҢНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ
БАБЫН ДҰРЫС
ҚОЛДАНБАЙ
ЖҮРМІЗ»

Мемлекеттік тілдің мерейін өсіру – баршамыздың міндетіміз. Оған әркім өз шамасынша үлесін қосуда. Мәселен 23 желтоқсан күні Жоғарғы Сот М.Нәрікбаев атындағы заң университетімен бірлесіп республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізгелі отыр. Заң шығару, адвокатура, прокуратура, құқық қорғау, сот саласындағы қазақ тілін қолданудың өзекті мәселелері талқыға түсетін жиынға Жоғарғы Сот судьясы, тіл жанашыры Досжан Сарманқұлұлының да шақырылғанын білдік. Айтулы жиында қандай мәселеге назар аударылады, қандай сауалдарға жауап ізделеді? Досжан САРМАНҚҰЛҰЛЫМЕН болған сұхбатымыз осы бағытта өрбіді.

(Соңы 5-бетте)

ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әлеуметтік желі, БАҚ беттерінде сот реформаларына қатысты түсіндірмелерді мемлекеттік тілде ғана жазып, жергілікті «Маңғыстау» телеарнасындағы «Татуласу: сотқа дейін, сотта» атты құқықтық түсіндірме бағдарламасының 2019 жылы ашылуына тікелей атсалыстым. Бүгінгі таңда бағдарламаның редакторы да, жүргізушісі де өзім. Аталған бағдарламаға судья, адвокаттарды қатыстыра отырып, қарапайым халықтың өз тілімізде құқықтық сауатын арттыру негізгі мақсатым деп білемін.

Маңғыстауда мемлекеттік тілдің мерейі үстем

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 13-бабында Қазақстанда сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады делінген. Иә, сот – мемлекеттік биліктің бір тармағы саналғандықтан мемлекеттік тілді дамытуға мүдделі. Бүгінде республика соттарындағы іс-қағаздарды мемлекеттік тілге көшіру барысы тұрақты қадағаланып келеді. Ал, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңірдің бірі саналатын Маңғыстауда қазақ тілінің қолданысы кең екендігін мақтанышпен айта аламыз. Маңғыстау облысы бойынша соттарда сот ісін жүргізу тілінің қағидаттары мен мемлекеттік тілдің рөлін нығайту мәселесі, сотқа дейінгі материалдар мен істерді дайындау барысында тіл заңын сақтау, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту сынды өзекті мәселелер туралы дөңгелек үстел, семинарлар өткізу дағдыға айналған десек артық айтқандық емес. Бүгінде сот кеңселеріндегі қарым-қатынас тілі толығымен мемлекеттік тілге ауыстырылған.

Тәуелсіз мемлекетімізде ең бастысы, заңдарды қабылдау тілі – қазақ тілі болуы керек. Жасыратыны жоқ, еліміздегі заңдардың түгелі дерлік алдымен орыс тілінде жазылып, содан соң барып қазақшаға аударылатыны ащы да болса шындық. Сондықтан, заңнамалар мен кодекстер мәтіндеріндегі тілдік ала-құлалықтар да бәріміздің ортақ мәселемізге айналып отыр. Алдағы уақытта мемлекеттік тілде әспеттеліп, дайындалатын құжаттарға, оның ішінде нормативтік заңды актілердегі тіл олқылығына көз жұма қарамауымыз қажет.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келгенін, бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғаза жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз қажеттігін назарға алды. Алайда, «Баяғы жартас, сол жартастың» күнін кешіп келеміз. Қашанғы өз тіліміз өз елімізде өгейсеуі қажет? Неге қазақ тілінің тынысы тарылып барады? Неге қазақ тілі мемлекеттік органда «жетім баланың» күйін кешуі қажет деген сұрақтар еріксіз ойға батырады.

Осы орайда, тіл мерейін өсіретін бірнеше ұсынысымды келтіргенді жөн санаймын.

1. Тілге деген құрмет мемлекеттік қызметшілерден, халықпен тығыз байланыста жұмыс жасайтын лауазым иелерінен басталуы тиіс. Себебі, өскелең ұрпақтың тілге деген жанашырлығы һәм қамқорлығы жоғары жақтағы шенді-шекпендіге қарап, қалыптасатынын ескерсек, барлық мемлекеттік қызметшіден ана тілді білуін міндеттеуіміз тиіс. Сондай-ақ, мемлекеттік тіліміздің

соттағы мәртебесін көтеру үшін судья лауазымына кандидаттарға мемлекеттік тілді білуін басты талап ретінде қою қажет.

2. Өздеріңізге мәлім, бүгінгі таңда соттарда аудармашы мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Сот өндірісінде істің қандай тілде жүргізілуі туралы қағида заң нормаларының арнайы баптарымен бекітілген. Қолданыстағы Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына, Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына зер салсақ «Қазақстан Республикасында қылмыстық және азаматтық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі. Ал қажет болған жағдайда сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс тілі және басқа тілдер қолданылады», – деп жазылған. Осы ретте қолданыстағы заң нормаларына сәйкес, қылмыстық істер бойынша сот тілі, бұл істердің қаралуының кез келген сатысында өзгертілуі мүмкін болса, азаматтық талап арыздар орыс немесе өзге тілде берілген жағдайда, сот тілін мемлекеттік тілге өзгерту тек қана азаматтық істі қарауға әзірлеу сатысында ғана мүмкін. Алайда, азаматтарымыздың қазақ тілінде сөйлей тұра аудармашы сұрауы қалыпты жағдайға айналып барады. Бұл сот шешімін бұзуға негіз болып табылады. Ал, сот процесіне келсек, кейде орыс тілінде талап қою берген тараптың өзі орысша бір ауыз сөз білмей жатады. Өз кезегінде адвокаттар жауапкершіліктен қашады. Сондықтан, мемлекеттік тілде талап арыз беруге құлықсыздық танытатын, жосықсыз заңгерлердің әрекетіне тосқауыл қойылуы қажет.

Кіріс департаменті мен кеден органы қашан қазақша сөйлейді?

Кіріс департаменті мен кеден органдарынан түсетін талап арыздардың басым көпшілігі орыс тілінде. Оның



Г.БАҚЫТЖАНОВА,
Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы

белгіленеді, кей судьялар екі тілде де іс қарайды. Екі тілді еркін меңгерген судьяларға бір тілді меңгерген судьяларға қарағанда басымдық берілсе. Мәселен, оларды қандай да бір көтермелеулерге ұсынсақ, еңбекақыларын жоғарылатсақ. Бұл бәлкім бір тілді меңгерген судьялардың да қазақ тілін білуге деген құштарлығын оятып, қос тілді меңгерген судьяларға жігер береді.

Судьялар заңгерлік білім беретін білім ордаларымен, яғни жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста жұмыс жасап, қазақ тілінде сот процестерін өткізіп, іс жүргізу барысын қызықты етіп көрсетуі керек. Аталған тәсіл болашақ мамандардың тілге деген қызығушылығын арттырады даусыз.

Тәуелсіз мемлекетімізде ең бастысы, заңдарды қабылдау тілі – қазақ тілі болуы керек. Жасыратыны жоқ, еліміздегі заңдардың түгелі дерлік алдымен орыс тілінде жазылып, содан соң барып қазақшаға аударылатыны ащы да болса шындық. Сондықтан, заңнамалар мен кодекстер мәтіндеріндегі тілдік ала-құлалықтар да бәріміздің ортақ мәселемізге айналып отыр. Алдағы уақытта мемлекеттік тілде әспеттеліп, дайындалатын құжаттарға, оның ішінде нормативтік заңды актілердегі тіл олқылығына көз жұма қарамауымыз қажет. Себебі, заңдар мен құжаттарды заң терминдерінен хабары жоқ аудармашылар аударары. Тіпті, қазақ тіліндегі заңнамалардың мемлекеттік тілдегі аудармасының түсініксіздігі сондай, судья болсам да кейде бірнеше рет оқығаннан кейін барып түсініп жатамын. Осы ретте аудармашылар қатарына тәжірибелі заңгер, қазақ тілін жетік білетін судьяларды қосуды ұсынамын. Сондықтан, заңдарымыз бен қаулы-қараларымызды, іс-қағаздарымызды, ғылыми-танымдық әдебиеттерімізді, оқулықтарды орыс тілінен жаппай аударуды тоқтатып, дер кезінде жалаң аудармадан бас тартпасақ тіліміз аударма тілдің күнін кеше бермек.

Біліктілік емтихан шеңберінде Қазақстан заңнамасын білуге арналған компьютерлік тестілеуді тапсыру үшін ауылдан шыққан жастарымыз судья боламын деген үмітпен жиі барады. Алайда, көпшілігі қазақ тіліндегі сұрақтардың мүлде түсініксіздігінен, тестілеуді ресми тілде тапсыруға мәжбүр екенін

алға тартып жатады. Сонда қазақ тілінде қойылатын сұрақтарымыздың тікелей аударма түрінде берілуіне не себеп?! Осы орайда, мән-мағынасы жоқ мұндай сұрақтарды жөндеуге дайын екенімізді жеткізім келеді. Жоғарыда аталған жағдай нағыз қазақ тілді жастардың, тіл жанашырларының сынақтан өтуіне кедергі келтіріп, сағын сындыруда.

«Су ішкен құдығыңа түкірме» деген бар. Алайда, Жоғарғы Соттағы қорытулар, баяндамалар ресми тілде жасалады. Осы уақытқа дейін қоғамда әлеуметтік маңызы зор деген мәселелер бойынша тренингтер, бас қосулардың бәрі-бәрі орыс тілінде, мысалы судьяларға арналған жиын, семинар, дөңгелек үстелдердің бірде-бірінің соңына дейін мемлекеттік тілде өткенін көрмеппін. Республика бойынша сот төрелігіндегі реформалар мен соңғы жаңалықтарды Жоғарғы Сот судьяларының фейсбук желісіндегі жазбалары арқылы біліп жатамыз. Бірақ, орыс тілінде. Сондықтан, сот төрелігіндегі жаңашылдықтар дер кезінде қазақ тілді ортаға мүлде жетпей жатады.

Қазақша пост, түсіндірме жазуға не кедергі?

«Тіл өлсе, ұлт жоғалады» деген бар. Осы орайда, тілімізге жанашыр жас судьялардың бірі ретінде «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып» мұндай жұмыстарды да атқаруға әзір екенімді жеткізім келеді. Өздеріңізге белгілі, Татарстан – Ресей Федерациясының субъекті. 2019 жылы аталған елге сапарымда татар тілінде жазылған бірде-бір кодекс жоқ екенін естідім. Сол жердегі әріптестерім «өз ана тілдеріңізде заң шығара алатын бақытты елсіздер», – деп қызыға да, қызғана да қарады. Ал, біз тәуелсіз елміз. Егеменді ел бола тұра өз қазағымызды өз ана тілімізде сөйлетпей алмай әлөкпіз. Орыс тілі мемлекеттік тіліміздің адымын аштырмай келеді. Естеріңізде болса, 2019 жылы Ақтау қаласында «Түркі тілдес халықтардың ортақ рухани құндылығы мен құқықтық дәстүрінің қазіргі қоғаммен сабақтас-тығы» атты халықаралық конференция

өтті. Іс-шараға қатысқан Әзірбайжан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы іс жүргізу тілі әзірбайжан тілі екенін, басқа ұлт өкілдері де мемлекеттік тілдерін меңгергенін мақтанышпен айтты. Себебі, бұл әзірбайжандықтар үшін мемлекеттік тілді білу – жазылмаған заңмен тең. Өз елімізде өгейсіген тіл мәселесі жүрегі жұртым, қазағым деп соққан бәрімізді бейжай қалдырмауы тиіс.

Заң шығарушы органдарға доғарыстағы қазақ тілді, тәжірибесі бар судьяларды тартсақ деген ұсынысым да жоқ емес. Олар бірнеше жыл қазылық қызметте жүріп, заңнамалармен тікелей жұмыс жасағандықтан, мұндай жұмыстарға отсавқадағы қазыларды араластырудың артықшылығы көп.

Кейде сот актілерін түсіндіруде судьялар іркіліп жатады. Тіпті, өзінің шығарған, жұп-жұмыр жазылған сот актісін тыңдаушы тараптарға күмілжіп, сот актісіндегі негізгі ойын жеткізе алмай әбігерге түсіп жататын әріптестерім бар. Осы ретте, заңгерлер мамандығын дайындайтын университеттерде журналистер сабақ беріп, шеберлік сабақтарын өткізсе нұр үстіне нұр болар еді.

Тіл – халықтың алтын діңгегі, ұлттық санасының негізі, іргетасы, тектілік белгісі, қозғаушы күші. Ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы, баға жетпес құдіреті, қуатты қайнар бұлағы да тіл.

Өкінішке қарай, тәуелсіз елмен бірге жасасып, құқықтық мемлекеттік қалыптасуында бірге өріліп, қатар келе жатқан сот саласындағы мемлекеттік тілдің қолданысы көңілден шығады деп айта алмаймыз. Тиімді реформалардың нәтижесінде тәуелсіз, ашық, қолжетімді, әділ, беделді құрылымға айналған сот билігінің қазақ тілін қажет тілге айналдыра алмауының астары тереңде. Атап айтсақ, сот жүйесіндегі салмақты реформалардың басым көпшілігінің қоғамға алдымен ресми тілде жетуі қынжылтатын. Оның үстіне, сот қызметіне қатысты ауалымы кең деген іс-шаралардың да орысша өтуі қалыпты үрдіске айналып бара жатқандай. Көп жағдайда ақпараттардың алдымен орысша нұскасы сұралатыны да ащы шындық. Осы орайда, қазақ тілі аударма тілдің күнін кешуде. Өз тілімізді өзіміз қазір қажетсінбесек, қолданысын арттырмасақ тілге ертең кімнің жаны ашымақ?!

Реформалар қазақтілді ортаға кеш жетеді

Кейде сот төрелігіндегі реформалар қазақылықтың қаймағы бұзылмаған нағыз қазақ тілді ортаға дер кезінде жетіп жатыр ма деген сұрақ туындайды. Осы орайда, Жоғарғы Соттың мінберіне нағыз қазақ тілінің жанашыр жас судьялары қызметке алынса деген өз ұсынысымды білдіріп келеді. Себебі, бүгінгі жастарымыздың тілге деген жанашырлығын ояту үшін кез келген ортаға қазақ тілінде сайрап, айтар ойын ашық жеткізетін мамандар ауадай қажет деп білемін.

Конституциялық реформа, жаңа әділетті Қазақстанды құру жолында аса маңызды қадам жасадық. Мемлекет басшымыздың өзі «Қазақ тілі – қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде», – деген еді. Сондықтан, қазақ тілімізді өз жерімізде өгейсітпей, көркейтуге бет бұрар кез келді деген ойдамын.

Қорыта айтсақ, құқықтық нигилизм орын алған қоғамды қалай өзгертеміз деген сұрақ мені жиі мазалайды. Сондықтан, қазақ тіліміз тағынан тайма-сын десек, тілі мен салтын, әдет-ғұрпын көздің қарашығындай сақтаған ата-бабалымыздың жолын жалғап, баршаңызды жаңа Қазақстанды құруға атсалысуға шақырамын. Әрбір қазақ үшін қазақ тілінде мәжбүр болған-дықтан емес, мақтанышпен сөйлеуі тиіс.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МҰҚТАЖ ЖАНДАР
КЕШЕНДІ КӨМЕККЕ
ЗӘРУ

(Соңы. Басы 1-бетте)

— Аталған санаттағы отбасыларға кешенді көмек көрсету керек. Бұл дегеніміз оларды әлеуметтік оңалту, сүйемелдеу; барлық мемлекеттік бағдарламалар мен мүмкіндіктерді жеткізу; жұмысқа орналастыру; жәрдемақы тағайындауға негіз болса, жәрдемақы тағайындау; тіпті құжаты жоқ азаматтарға жеке куәлік істеп беру деген сияқты қызметтер. Сондықтан барлық қызметтерді бір жерден көрсету үшін еліміздің әр ауданында инфрақұрылым, атап айтқанда Отбасын қолдау орталықтарын ашу қажет. Қазір бізде 220 ауданда тек 47 Отбасын қолдау орталығы ғана бар. Мысалы, 2 миллионнан астам халық бар Түркістан облысындағы 14 аудан мен үш қаладағы 330 мың отбасы төтенше қиын және дағдарысты өмірлік жағдайда тұрады. Зорлық-зомбылық деңгейі де жоғары. Облыс бойынша тек екі дағдарыс орталығы бар. Ал кейбір ауылдардан Түркістан қаласындағы Отбасын қолдау орталығына жету үшін 7-8 сағат жол жүру керек. Балалары бар әйелдердің, көптеген отбасылардың осыны ұзақ жол жүріп баруға не күші, не ақшасы жоқ. Әсіресе, көмек түнде қажет болып жатса тіпті қиын. Республиканың басқа өңірлерінде де осындай жағдай. Өкінішке қарай, отбасылардың әлеуметтік мәселелерінің шешілмеуі және оларға уақытылы көмек көрсету мүмкіндігінің болмауы қайғылы салдарларға әкеліп жүр. Мұндай мысалдар бізде жеткілікті, — дейді депутаттар.

Отбасы орталықтарын ашуға қатысты тапсырманы Мемлекет басшысы Қазақстан полициясының 30 жылдығына арналған салтанатты іс-шарада бергенін еске түсірген олар, қызметтер мен көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында да көрсетілгенін атап өтті. 2025 жылға дейін отбасыларға қолдау көрсету, отбасылық жанжалдарды шешу және балалы әйелдерді уақытша тұрғын-жаймен қамтамасыз ету үшін ашылатын мұндай орталықтардың саны 234 болуы тиіс. Оның 45-і биыл ашылуы керек. Ал қалған 158 орталық 2023—2025 жылдары жергілікті бюджет есебінен ашылады деп болжанған еді. Алайда өңірлер өздерінде бұған қаражат жоқтығын айтып жатыр. Сондықтан халық

қалаулылары оларды орталықтан қаржыландыру қажеттігін қарастыруды сұраған болатын.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің есептеуіне қарағанда бір орталықты құруға және ұстауға 42 685 мың теңге қажет. Яғни 2023—2025 жылдар кезеңінде жол картасының индикаторларына қол жеткізу үшін 6 млрд 744 млн 230 мың теңге көлемінде қаражат қажет. Өткен аптада Ерұлан Кенжебекұлы депутаттарға жіберген жауабында Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның тапсырмасы бойынша Отбасын қолдау орталықтары қызметінің тұжырымдамасы әзірленіп жатқанын хабарлады. Үкімет басшысы орынбасарының айтуынша, тұжырымдама отбасын қолдау орталықтарының функцияларын, қызмет көрсету кезінде олардың мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл алгоритмдерін қамтиды. Мәжіліс қарауындағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне отбасы институтын нығайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында отбасыларды қолдау орталықтарын құру және олардың қызметін ұйымдастыруды жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне беру қарастырылған.

«Президенттің 2022 жылғы 1 сәуірдегі №853 Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес жергілікті бюджет қаражаты есебінен әрбір қалада және ауданда жергілікті атқарушы органдардың отбасын қолдау орталықтарын құруы көзделген. Осылайша, отбасыларды қолдау орталықтарын құру тиісті жергілікті қаражат есебінен бюджеттік заңнамаға сәйкес жүргізілетін болады», — деген Е. Жамаубаевтың жауабына депутаттар да қанағаттанған сияқты. Алайда, дағдарыс жағдайындағы және төтенше шұғыл көмекке мұқтаж отбасылар саны 2025 жылға дейін өспесе кемімейтініне әзірге ешкім кепілдік бере алмайды. Өйткені, тығырыққа тірелген жандар үшін Отбасы орталығы толықтай үміт сәулесін сыйлай алмауда.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

САЛИҚАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ –
ҰЛТ МҰРАТЫ

Мемлекетіміздің дамуы мен гүлденуін, оның болашақ іргетасын құрайтын өскелең ұрпақ еліміздің жастары. Жастарымыздың елге, туған жерге сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыру, мемлекетке лайықты азамат ретінде қалыптасуына ықпал ету отбасынан басталып, әрі қарай мектеп пен жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Балаларымыздың санасына бұл тәрбиені құю тек ата-ана мен ұстаз ғана емес, қоғамымыздың міндеті.

Баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, патронат тәрбиешісі, Қазақстан заңдарына сәйкес балаға қамқорлық танытып, білім беріп, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар.

Бала кешкі мезгілде, яғни, түнгі 22:00-ден таңғы 06:00-ге дейін ата-анасыз немесе заңды өкілсіз көшеде жүрсе олардың жауапты өкілдері ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 127-бабымен көзделген жауаптылыққа тартылады.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық жасау себептеріне отбасында тәрбиенің дұрыс берілмеуі, балаларымыздың санасын ұлайтын ғаламтордың, теріс ықпал беретін фильмдердің әсері жатады, арандату және рухани білімнің аздығы да осыған себеп.

Батыс Қазақстан облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2022 жылы ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 127-бабына сай 45 іс қаралған. Бұл көрсеткіш бала тағдырына жауапты ата-ананың салғырттығының нәтижесінде орын алады, ол тек әкімшілік емес, қылмыстық құқық бұзушылыққа апарлады. Баланың алғашқы тәрбие ортасы – отбасы. Әр әке мен ана баласының тағдыры үшін жауапты.

Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу үшін білім беру саласында заңнаманы жетілдіру, оның қолданылуына тиісті

Жарқынай ЖҰМАБАЕВА,
Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының жетекші маманы



қадағалау жасау қажет. Заңнамада баланың мәдени көзқарасына, мемлекет пен адамзат құндылықтарына, адамның құқықтары мен бостандығына негіздейтін бірқатар шаралар қамтылуы керек. Кәмелетке толмағандардың бос уақытына арналған әртүрлі ынталандыру, мәдени құндылықтарға баулитын, сауықтыру қызметін көрсететін оқу-ұйымдарының көбеюін қамтамасыз ету керек.

Сондай-ақ, құқық қорғау органдары мектеп пен жоғары оқу орындарында кәмелетке толмағандармен профилактикалық іс-шаралар жұмыстарын көптеп жүргізуі қажет. Ғаламтор беттеріне жастарды тәрбиеге, рухани білімге, патриоттыққа үндейтін бейнероликтер мен слайдтарды ашық түрде қолжетімді етіп орналастырған жөн. Жастарға кері әсер беріп, санасын ұлайтын желілерді заңды түрде қатаң бақылауға алу керек.

Кәмелетке толмаған балаларымыздың отбасынан тәрбиесінің іргесін дұрыс қалап, әрі қарай ұрпағымыздың болашағына қоғам болып жұмыла қарауымыз қажет.

МӘСЕЛЕ



Бала кезде әулетте үлкен жиын бола қалса, төрдегі бас бөлмеге кіруге асығатынбыз. Онда үлкендер отырады, кіре қалсаң арқаңнан қағып, батасын беріп «Азамат бол!» дейтін. Ауқаттан асатып тұрып бірнеше тілектерін арнап үлгеретін. Одан қалды үлкен астан кейін құман, легенімізді алып үлкендердің қолына су қоятынбыз. Артынша көнекөз қариялар «Шырағың сөнбесін, айналайын» дейтін. Бұл бала күнгі шақтардан тәтті естеліктер. Жай ғана естелік емес, есті естеліктер. Міне, одан ержетіп, «қала баласы» атанғанда біздің түсінікке қайшы, санамызға сыймайтын бір әдетті көрдік. Атадан «шырағың сөнбесін» деген абзал тілекті тыңдап өскен біз үшін, торт шырағданын үрлеп өшіру бейәдеп көрінетін. Бұл рәсім туған күн иесінің қатысуымен жүзеге асатын дәстүрлі жайт.

«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ,
БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ!»

Жаңа жасты толтырған жанға торт ұсынып, оған шырағдан жағып, тілегін іштен тілеткізіп, әлгі шырақты өшіртеміз. Әрине, торт шырағымен бірге адам жанының шуақты шырағы сөнбеуі мүмкін. Дегенмен, сырттан келген сиықсыз салтты ғұрып көргеннен, ата жолынан аяулы болған «Шырағың сөнбесін» деген бір ауыз сөз мерейлі, мейірімді көрінбей ме?!

Туған күнге келгенде тағы бір түсініксіз амалға барып жүргеніміз жасырын емес. Әлгі дүние қаншалықты дұрыс емес екенін біліп тұрсақ та, соншалықты белең алып бара жатыр. Туған күнінде «байғұстың» бетіне тұтас тортты лақтырып, артынша үнмен әрлеп, жұмыртқаны басына шөкелеп жарамыз. Туған күнімен құттықтап жатқан емес, оны тап бір қолымызға түскен затпен жазалап жатқан жанға ұқсаймыз. Қош, бас жарылып, көз шығып жатқан ештеңесі жоқ, оның үстіне өзі де риза. Осындайда орыс ойшылы Лев Толстойдың, «Мен адамдардың аштығынан емес, тоқшылығынан қорқамын. Қазіргі біздің бұзғыншылықтардың барлығы аштықтан емес, тоқтықтан келіп шығып жатқандығы белгілі» деген сөзі еске оралады. Біреу тоңып секіреді, енді біреу тойып секіредінің кері келмесін... Ата дініміздің басты ұстанымы – Құран Кәрімде ысырап ету туралы: «...Жеңдер, ішіндер әрі ысырап етпендер. Ақиқатында, Алла ысырап етушілерді жақсы көрмейді» және де «Негізінде, ысырапшылар – шайтанның ағайындары. Ал, шайтанды Раббысының игіліктерін мүлдем мойындамайды» делінген. Адамшылық көзқараста да ысырап ету дұрыс саналмайтыны айтпасақ та, белгілі.

Әдебімен жасасақ, қажетімізге жарар талай әдет-ғұрыптар жоқ емес. Солардың бірі – бала шыр етіп дүниеге келгеннен басталатын шілдехана, бесік той секілді думанды жиындар. Әр амалының астарында ғибраты бар ғұрыптың қазіргі бейнесі мүлде бөлек. Перзентхана маңында аспабын асынып, әнге салып, одан қалды қымбат көліктерді жалдап, жаңа босанған келіншек пен баласын дүркіретіп шығарып алатындар қарасы қалың. Қош, біреудің қуанышын күндеп, кемістікке санаудан аулақпыз. Дегенмен, тағдыр дейтін түсініксіз жаратылыстан қайғы мен қуаныш қатар жүретіні түсінікті заңдылық емес пе? Әлгі әйелдердің босану мекемесінде біреу бауыр етін баласын аман-есен босанып жатса, енді біреу тоғыз ай көтерген шақалағынан айырылып, қайғыдан қан құсып жатқан жоқ па?! Сіздің дарылдатып қойған әуеніңіз бен салтанатыңыз қара жамылған екінші бір отбасының жүрегіне қаяу салмай ма?! Бұны кім ойлаған, бұл жайтты басқа түспей білгеніміз де абзал. Киесі ұрып жүрмесін... Мұндайда қазекен, «Көршің соқыр болса, бір көзінді қысып жүр» дейтін еді ғой!

Мына автор тек жоқты айтты деменіз, бұл сізбен біз өмір сүріп жатқан қоғамның кемшіл тұстары. Тағы бір қисынсыз жайт, жастар тойында көрсетіліп жүрген махаббат хикаясы туралы. Сценарий былай басталады, кенеттен кездесіп қалған екі жас ессіз ғашық болып, сезім атты жолға түседі. Арты белгілі, аймаласып, сүйіскен сүйкімді сюжеттерге ұласады. Екі ғашыққа сай көрініс болғанымен, көпшіліктің көзінше тамашалайтын дүние ма бұл?!

Әдебімізден жанылып, қажетімізге кіріп кеткен қазіргі қоғамның тағы бір ерсі көрінісі

– екі адамға ғана ортақ, үшінші біреуге артық болған неке амалының да айтар сыйқы қалмаған секілді. Өңгімені мәһр мәселесінен бастайық. Бірнеше айлар бойы мәһр сыйлығына қымбат ұй, жоғары санаттағы көліктер, бағасы балтырыңды сыздатып, ішінді ашытатын алмас тасты алтын бұйымдар сұрайтын бойжеткендердің бейнежазбалары әлеуметтік желілерде көптеп таралды. Оны көрген жас келіншектер «менің бағам осы екенге салып» молда алдында мәһріне біраз сілтеп қояды. Я, жар сыйлығының құны 30-35 грамм алтын немесе соған шамалас қаражаттан кем болмауы керек деген шарт шарифатымызда болғанымен, мынаншадан аспау керек деген қағидат жоқ. Бұл сіз алған әйелдің ақылдылығы мен адамдық өлшеміне саятын іс. Ақылды әйел қажетіне жарайтын затты сұрайды.

Үйленіп, мәһрін сұрап, артынша Жаратқанның жарлығымен бойына бала бітіп, артымнан тізгін тартар ұлым немесе жіп иіер қызым өмірге келеді деген қуаныштың да әдебінен шығып кеткен секілдіміз. Бұл дүниенің бүгінгі атауы – «Gender party». Ол былай шығар. Жас отбасының барлық достары жиналып, оларға баланың жынысын жасырады. Екеуі шар жарады, ішінен көк түс шықса ұл, қызыл түс шықса қыз деген белгі болады. Ал біздің ұлттық түсінігімізде қалай еді? Үлкен енелер келіннің іші шығып, босанар уақытқа дейін жұрт көзінен тасалап, көз тиеді, аман-есен босанып алсын деп ырымдайтын еді ғой. Бала босанғаннан кейін де қырық күн өткенше көзден, сөзден қоритын. Тағы бір тұста тағдыр мәселесінен аттап өткендейміз. Отау құрғандарына бірнеше жыл өтсе де, бала болмай жүрген қаншама тіленді көздерге тұмаған баладан сүйіншілеп, көздеріне күйік ету қаншалықты әдепке жатады?! Қажеті қанша осы дүниенің?

Бұның барлығы қайдан шығып жатыр десек өзіміз тәрбиелеп жатырмыз. Бүгінгінің базынасы осындай, енді бізді көріп өскен болашақтың әлеуметтік жағдайы қалай болатынын пайымдаңыз... Телеарналарда, әлеуметтік желілердегі ашықтық осыған дәріптейтіндей. Сатылымға шыққанына көп болмаса да, көпшілік көңілінен шығып үлгерген «Келінжан» киносына барсаңыз ұяттан бетіңіз қызарады. «Ері мен әйелің төсектегі әңгімесін көпшілікке әшкере етудің қажеті қанша?» дейсіз. Киноның басты кейіпкерлерінің бірі Айсақа Күйеуі Қылышбекке, «Қылышыңды шығар қане, қайрап берейін» дейді. Бұл бір ғана мысал. «YouTube» хостингі арқылы бұқараға мәшһүр жобалардың бірі «7я» ютуб каналы бар. Тамашалауға тәуір дегеніңізбен, төсектің айналасынан аспайтын әңгімелер көп. Күйеуі әйеліне жақындамағанына бір айдан асқанын, мазасы болмай жатқанын, оған әйелі үй шаруасынан босайтыннын, амалсыз келісіп, қасына жайғасатынын айтатын тұстары сценарийден анық көрінген. Екеуге ортақ, үшінші жанға құпия болған жұбайлардың ақ, адал, арлы төсегін осылай ашық қылып былғаған жоқпыз ба?! «Ел боламын десен бесігіңді түзе» тәмсілінің бүгінгі бейнесі «Ел боламын десен телеарнаңды түзе» дейтін уақытта теледидарға телмірген қоғамды, әлеуметтік желіге байланған бұқараны қайда бастап барамыз?

Шернияз ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ

БАНКРОТТЫҚ РӘСІМСІЗ БОРЫШКЕРДІ ТАРАТУ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Бүгінгі күні қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Оңталту және банкроттық туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы заңның нормалары бойынша борышкерлердің қаржылық-шаруашылық әрекетінің көлемі мен айналымына қарамастан банкроттық рәсімін өткізудің бірыңғай тәртібі қарастырылған.

Ал шындығында әрекет жасамаған, дәрменсіздік белгілері бар, алайда банкроттықты бастамашылық етпейтін бизнес субъектілер үшін жалпы белгіленген банкроттық рәсімінің тәртібінен тыс банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату да осы заңда қарастырылған.

Заңның 7-тарауында көрсетілгендей, негізінен банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату екі жағдайда жүзеге асырылады. Оның бірі – борышкер жоқ борышкер болып табылған жағдайда, екінші осы заңның 114-бабының 3-тармағында көзделген мән-жайлардың жиынтығы болған жағдайда. Осы жағдайлардың біріншісі туындаған кезде салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор, екінші жағдай бойынша борышкер сотқа жүгіне алады.

Бірінші жағдайда кредитордың сотқа жүгінуіне келесі мән-жайлар негіз болуы шарт:

борышкердің, сондай-ақ оның құрылтайшылары (қатысушылары) мен лауазымды адамдарының орналасқан жерін қатарынан алты ай бойы анықтаудың мүмкін болмауы, бұл жөнінде уәкілетті орган айқындаған нысан бойынша және тәртіппен құжат жасалады; өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің меншік құқығында мүлкінің, сондай-ақ дебиторлық берешегінің болмауы;

өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің жасалған жағдайда осы заңда және Қазақстанның өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін мәмілелер жасамауы. Бұл ретте өтінішке қоса борышкердің салықтар және кедендік төлемдер бойынша кредитор алдындағы міндеттемелерін, сондай-ақ осы міндеттемелер бойынша берешегінің бар екенін және сомасын, борышкердің жоқ борышкер болып табылатынын растайтын құжаттар қоса берілуі қажет.

Ал, борышкердің сотқа банкроттық рәсімін қозғамай өзін тарату туралы өтінішпен жүгінуі үшін:

1) борышкердің кредиторлар алдында республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың бес жүз еселенген мөлшерінен аспайтын берешегінің болуы;

2) өтініш берілгенге дейін үш жыл бойы борышкердің меншік құқығында мүлкінің, сондай-ақ дебиторлық берешегінің болмауы; борышкердің жасалған жағдайда осы заңда және Қазақстанның өзге де заңдарында көзделген негіздер бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін мәмілелер жасамауы; борышкердің банктік шоттар мен касса бойынша төлемдерді және ақша аударымдарын жүзеге асырмауы; борышкердің Қазақстанның салық және кеден заңнамасында белгіленген салықтық және кедендік тексерулер мен өзге де бақылау нысандарының тізімдеріне енгізілмеуі;

3) өтініш берілген күнге қылмыстық қудалау органдарының борышкер қызметіне байланысты қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін заңды тұлғаның құрылтайшысына (қатысушысына) немесе оның лауазымды адамына, сол сияқты дара кәсіпкерге қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізбеуі негіз болып табылады.

Сот осы заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін, банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы өтініш келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей іс қозғау туралы ұйғарым шығарады.

Аталған ұйғарымның көшірмесі борышкерге, өтініш берушіге, уәкілетті органға, жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына, сондай-ақ, егер борышкер заңды тұлға болып табылса, борышкердің орналасқан жері бойынша аумақтық әділет органына жіберіледі.

Сот банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы істі қозғаған кезден бастап, осы рәсімге банкроттық рәсімін қозғау салдарлары жүргізіледі.

Яғни, заңды тұлға мүлкінің меншік иесіне, құрылтайшыларына (қатысушыларына), барлық органдарына мүлікті пайдалануға және өткізуге, сондай-ақ міндеттемелерді өтеуге тыйым салынады; банкроттың барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өтті деп есептеледі; банкрот берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын және сыйақыларды (мүдделерді) есепке жазу тоқтатылады; сотта банкроттың қатысуымен қаралатын мүліктік сипаттағы даулар, егер олар бойынша қабылданған шешімдер заңды күшіне енбесе, тоқтатылады; үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктерін орындау бойынша талаптарды, сондай-ақ үшінші тұлғалар кепіл беруші болатын жағдайларда кепіл нысанасын өндіріп алуды қоспағанда, банкротқа банкроттық рәсімі шеңберінде ғана талаптар қойылуы мүмкін; әкімшінің өтініші және борышкерді банкрот деп тану туралы сот шешімінің ұсынылған көшірмесі негізінде банкрот мүлкіне салынған барлық шектеулер мен ауыртпалықтар (борышкер шоттарына қойылған инкассольк өкімдер, мүлікке тыйым салулар және басқалар) оларды салған органдардың тиісті шешімдері қабылданбастан алып тасталады; банкроттың мүлкіне жаңадан тыйым салу және банкроттың мүлкіне иелік етуге өзге де шектеулер қою мәмілені жарамсыз деп тану туралы және банкротқа қойылған, мүлікті өзгенің заңсыз иеленуінен талап ету туралы қуынымдары бойынша ғана жол беріледі.

Сот іс қозғау туралы ұйғарым шығарылған күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде банкроттық рәсімін қозғамай борышкерді тарату туралы шешім шығарады. Сот шешімімен тарату рәсімін жүргізу уәкілетті органға жүктеледі.

Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ТАРАЗЫ

Жаза дегеніміз – сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу.

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ АУЫР



Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқықбұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

ЖАЗА ТҮРЛЕРІ
Қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін кінәлі адамға төмендегідей негізгі жазалар қолданылады:
1) айыппұл;
2) түзеу жұмыстары;
3) қоғамдық жұмыстарға тарту;
4) қамаққа алу;
5) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.
Қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамға мынадай негізгі жазалар қолданылады:

- 1) айыппұл;
 - 2) түзеу жұмыстары;
 - 2-1) қоғамдық жұмыстарға тарту;
 - 3) бас бостандығын шектеу;
 - 4) бас бостандығынан айыру;
 - 5) өлім жазасы.
- Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға негізгі жазамен қатар мынадай қосымша жазалар:
- 1) мүлкін тәркілеу;
 - 2) арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру;
 - 3) белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру;
 - 3-1) ҚР азаматтығынан айыру;
 - 4) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР шегінен тысқары жерге шығарып жіберу.

Айыппұл қылмыстық теріс қылықтар үшін – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екіжүзге дейінгі шегінде, қылмыстар үшін АЕК-тің екі жүзден он мыңға дейінгі шегінде не еселенген мөлшерде белгіленеді.

Түзеу жұмыстары – осы қылмыстық кодексте көзделген шекте, ҚР заңнамасында белгіленген және қылмыстық құқық бұзушылық жасалған кезде қолданыста болған АЕК-тің белгілі бір санына сәйкес келетін мөлшерде тағайындалатын ақшалай өндіріп алу.

Қоғамдық жұмыстар қылмыстық теріс қылықтар үшін – жиырмадан екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар үшін екі жүзден бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге белгіленеді.

Бас бостандығын шектеу сотталған адамға алты айдан жеті жылға дейінгі мерзімге пробациялық бақылау белгілеуден және оны жазаны өтеудің бүкіл мерзімі ішінде жыл сайын бір жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартудан тұрады. Бас бостандығын шектеу сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша қоғамнан оқшауланбай өтеледі. Мәжбүрлі еңбекті жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастырады және күніне төрт сағаттан асырылмай өтеледі. Тұрақты жұмыс орны бар немесе оқып жүрген сотталғандар, кәмететке толмағандар, жүкті әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балалары бар әйелдер, үш жасқа дейінгі жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектер, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдер, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектер, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектер, сондай-ақ жазасы алты айдан аз мерзімге бас бостандығын шектеуге ауыстырылған сотталғандар мәжбүрлі еңбекке тартылмайды.

Бас бостандығын шектеуді өтеуден қаскөйлікпен жалтарған жағдайда, оның өтелмеген мерзімі бас бостандығын шектеудің бір күні үшін бас бостандығынан айырудың бір күні есебімен бас бостандығынан айыруға ауыстырылады.

Қамаққа алу сотталған адамды тағайындалған жазаның бүкіл мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайларында ұстауды білдіреді. Қамаққа алу он тәуліктен елу тәулікке дейінгі мерзімге белгіленеді. Ұстап алу мерзімі қамаққа алу мерзіміне қосылады.

Бас бостандығынан айыру сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесіне жіберу арқылы оны қоғамнан оқшаулаудан тұрады. Бас бостандығынан айыруға сотталған, үкім шығару кезінде он сегіз жасқа толмаған адамдар көмелетке толмағандарды ұстауға арналған қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелеріне орналастырылады. Қылмыстық кодексте көзделген қылмыстарды жасағаны үшін бас бостандығынан айыру – алты айдан он бес жылға дейінгі, ал аса ауыр қылмыстар үшін жиырма жылға дейінгі мерзімге не өмір бойына белгіленеді. Абайсызда жасалған қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он жылдан аспайды. Өмір бойына бас бостандығынан айыру – аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ өлім жазасына балама ретінде белгіленуі мүмкін.

Өлім жазасы – ату жазасы адамдардың қаза табуымен ұштасқан террористік қылмыстар үшін, сондай-ақ соғыс уақытында жасалған аса ауыр қылмыстар үшін ең ауыр жаза ретінде белгіленеді, ондай жазаға кесілген адамға кешірім жасау туралы өтінішхат беру құқығы беріледі. Өлім жазасы он сегіз жасқа толмай қылмыс жасаған адамдарға, әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге тағайындалмайды.

КҮШ БІРЛІКТЕ!

Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – сыбайлас жемқорлық. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерін реттейтін ҚР Қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, Еңбек кодексі, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген ҚР мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі негізгі нормативтік құқықтық актілері болып табылады. Жемқорлық – мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді

түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық азаматтың азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуі керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Соның ішінде, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек.

А.КЕСІКБАЕВ,
Қаракия ауданық сотының
бас маман сот-мәжілісінің хатшысы

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫСТА БЕРЕКЕ БАР

Қызылорда қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының (әрі қарай жауапкер) 22.12.2021 жылғы жер салығы бойынша берешек қырыздарын өндіру туралы салық бұйрығына сәйкес Ә.-нің (әрі қарай талап қоюшы) қарыз сомасы 10216 теңгені құраған.

Аталған бұйрықпен келіспеген талап қоюшы Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына салық бұйрығын заңсыз деп танып, күшін жойып, жер салығын Қызылорда қаласының жерлерін аймақтарға бөлу жобалары негізінде алуды міндеттеу туралы талаппен жүгінген.

Іс құжаттарына қарағанда Белкөл кентінде орналасқан тұрғын үй салу

мақсатындағы жер учаскесі талап қоюшының жеке меншігіне 2015 жылы тіркеліп, 2022 жылы тоқтатылған.

Талап қоюшының талабында кенттердің жерлеріне арналған базалық салықтық мөлшерлеме 0,96 теңге бекітілгенін көрсетіп, қарыз сомасын қалалық емес, кенттің ставкасы бойынша есептеу қажет екенін көрсеткен.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 2-бабының 4-тармағының 1)тармақшасына сәйкес қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңыздағы қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының кенттер қалалық елді мекендерге жатады. Сондықтан талап қоюшының уәжі негізсіз, жауапкер қарыз сомасын есептеуде әкімшілік-аумақтықты дұрыс қолданған.

Алайда, бірінші саты сотының бас-тамасымен сұратылған аталған жер

учаскесінің кадастрлық ісін зерттеу барысында Белкөл кенті әкімінің 2017 жылғы шешімімен жер учаскесінің 1000 шаршы метр құжат бойынша көлемі нақты өлшемге сәйкес 735 шаршы метр болып қайта бекітілгені анықталған. Бұл жағдайда, жауапкердің жер салығы бойынша 2021 жылғы 22 желтоқсанға дейінгі қарызын 1000 шаршы метр көлемі бойынша есептеуі заңсыз және негізсіз деп тауып, талапты ішінара қанағаттандырып, салық бұйрығының күшін жойған.

Шешімге келтірілген апелляциялық шағымды қараған әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы бірінші саты сотының шешімінде соттың тұжырымдары дұрыс және дауды шешу үшін жеткілікті түрде зерделенген деген қорытындыға келіп, шешімді күшінде қалдырды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Шығыстың атакты философы Конфуцийден шәкірттері: «Егер бір елге басшы болсаңыз, алдымен не істер едіңіз?» деп сұрапты. Сонда Конфуций ойланбастан «ұлттың тілін тәртіпке салар едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрағанда: «Тілі бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы да бұзылады. Рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс», – деген екен. Осы тұрғыдан алғанда мемлекеттік тілдің бүгінгі мен болашағын таразы басына салып, жетістіктер мен кемшіліктерді сараптау мақсатында Жоғарғы Сот пен Максұт Нәрікбаев атындағы заң университеті ұйымдастырып отырған шараның маңызы зор, мәні ерекше.

Бүгінгі күні ел Президентінің әділетті Қазақстан құрудағы талаптары өте орынды деп есептейміз. Өйткені, Президенттің пікірі Конфуций секілді әлемдік деңгейдегі ойшылдың пікірімен тұспа-тұс келіп отыр. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі халыққа жолдауында, қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екендігін тілге тиек етіп, Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар, ол – қазақ тілі екендігін де атап өтті.

Десек те, бүгінгі күні елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы көңіліңізден шыға ма деген сұрақ қойылса, ең төменгі баға алатынымыз айдан анық.

– **Соның ішінде заң шығарушы, сот билігіндегі мемлекеттік тілдің қолданысы қалай?**

– Біртұтас биліктің – заң шығарушы және сот билігіне тоқталсақ, статистикадан көп нәрсені аңғарамыз. Мәселен, заң шығару мәселесіне келетін болсақ, бүгінгі күнге дейін қабылданған заңдардың бар болғаны екеуі ғана мемлекеттік тілде жазылған. Бұл жалпы қабылданған заңдардың 0,1%-нан да төмен. Ал сот саласындағы қаралып жатқан істердің бар болғаны 29%-ы ғана мемлекеттік тілде. Бұл бүгінгі күнгі Ата Заңымыз айшықтап берген мемлекеттік тілдің егеменді еліміздегі қолданыс аясының өте төмен екендігін көрсетеді.

Мемлекеттік тілдің атқарушы биліктегі қолданыс аясы да ешбір сын көтермейді. Оны Парламент қабырғасына келген министрлер мен олардың орынбасарларының, басқаны былай қойғанда өз айлықтары туралы мемлекеттік тілде мәлімет бере алмай, күмілжігенінен көріп отырмыз.

Түрік ойшылы Бедретдин Далан: «Туған тіліңді қорғау – туған Отаныңды қорғаудан да маңыздырақ. Отаныңды жау басып алса, оны ерте ме, кеш пе, әйтеуір азат етеріңе сенерсің. Ал тілің жауланса – бітті! Басқа тілге көшіп, туған тілін ұмытқан және өз ата байлығына қайта оралуға мойны жар бермейтін жалқаулар мен ұлттық рухын жоғалтып үлгерген, өзіңе түрі ғана ұқсайтын қандастарың жаудан бетер қарсыласады. Олардың үлкен бөлігінің ана тілін мойындамай, өзге тілдің мүддесін ашық түрде қолдауының арқасында ұлт жойылуға бет алады», деген екен. Ал, Алаштың асыл азаматтарының бірі М.Жұмабаев «Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасақ тиісті» деген. Бұдан артық мемлекеттік тілдің маңызына қатысты не айтуға болады?!

– **Соңғы жылдары Ата Заңымыздың 7-бабының 2-тармағын алып тастау керек дейтін белсенділер көбейді. Бас құжаттың бұл бабында: «Мемлекеттік ұйымдарда және әсергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деп жазылған. Мемлекеттік тіл қолданысының төмендігін тек осы баппен байланыстырған дұрыс па?**

– Меніңше, біз бүгінгі күнге дейін Ата Заңымыздың 7-бабының 2-тармағын дұрыс түсінбей жүрміз, соның салдарынан оны дұрыс қолданбадық. Себебі, бұл тармақта «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» делінген. Ал сіздер мен біздер осы та-

лаптың өзін өрескел бұза отырып, қазақ тілін түгелдей орыс тілімен алмастырып, оның орнына қолдандық. Өкінішке орай бүгінгі күні – жаңа Қазақстанда да дәл солай жалғасуда.

Ата Заңның 7-бабынан бастау алған Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» заңның 4-бабына сай, мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі делінген. Бұл қоғамда қазақ тілінің басқа тілдерден оқ бойы озық тұрып, басқа тілдер оның жетегінде жүруі керек екендігін көрсетеді. Өкінішке қарай іс жүзінде бәрі керісінше. Орыс тілі оқ бойы алда да, мемлекеттік тіл оның жетегінде.

ҚПК-нің 30-бабы, ӘҚБтК-нің 738-бабы бойынша да Қазақстанда қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тілі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады делінген. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығаруы керек. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде де осындай талап қойылған. Бұл дегеніміз әу баста

Досжан ӘМІР,

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы:

«АТА ЗАҢНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ҚАТЫСТЫ БАБЫН ДҰРЫС ҚОЛДАНБАЙ ЖҮРМІЗ»

қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық істер тек қана қазақша жүргізілу керектігін көрсетеді.

Алайда көптеген (қылмыстық, әкімшілік) істерде іс жүргізу тілін мемлекеттік тілден басқа шет тілдерге ауыстырғанда қаулы шығарылмайды:

- құқық бұзушыға немесе күдіктіге істі мемлекеттік тілде жүргізуге болатындығын түсіндірмейді, тек алдын ала дайындалған, «мен орыс тілін білемін, істі орыс тілінде жүргізуге қарсы емеспін» деген бір жапырақ қағазға қолын қойдырып алады да, істі орыс тілінде жүргізеді;
- қаулы шығарылса да, ешбір уәж болмайды;
- кейбір жағдайларда іс заңсыз

нына қолданылуда. Бұл заңды бұрмалау және мемлекеттік тілге деген қиянат әрі әділетсіздік!

– **Мемлекеттік қызметкерлердің, соның ішінде судьялардың да қазақ тілін жетік білмеуі қоғамда жиі талқыланады. Мемлекет атынан үкім шығаратын, мемлекетке қызмет ететін қардрлардың қазақ тілін білуін неге міндеттемейміз? Мұндай мықты талапты қолдануға не кедергі?**

– Өкінішке қарай қоғамда мемлекеттік тілді жетік меңгерген азаматтар көп емес. Бұл мәселе заңгерлер арасында да орын алуда. Сондықтан бұл мәселені де

Конфуций ойланбастан «ұлттың тілін тәртіпке салар едім» дейді. Мұны естігендер қайран қалып, себебін сұрағанда «Тілі бұзылса, ұлттың рухы мен әдет-ғұрпы да бұзылады. Рухы мен әдет-ғұрпы бұзылса, әділет пен ақиқат жоғалып, халық шарасыздықтан жойылу қаупіне душар болады. Қысқасы, тілі бұзылған ұлттың келешегінен үміт күтуге болмайды. Мұндай жағдайдың алдын алған дұрыс», – деген екен.

орыс тілінде жүргізіліп, іс жүргізу тілін ауыстыру қаулысы тергеу амалдары басталғаннан бірнеше айдан кейін шығарылуы мүмкін. Бұл кемшіліктер прокурор мен сот тарапынан көп жағдайларда ескерусіз қалуда.

Елімізде мемлекеттік тілдің біреу ғана екенін, оның қазақ тілі екенін ескере отырып, оған барынша басымдық беруіміз керек. Ол үшін жоғарыдағы заң талаптарын басшылыққа ала отырып, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді тек мемлекеттік тілде жүргізіп, бірлі-жарым мемлекеттік тілді білмейтін іске қатысушылар үшін іс жүргізу тілін өзгертпей, олар үшін аудармашыны тартуымыз керек. Сонда ғана іс қазақша жүріп, қазақ тілімен (аудармашы арқылы) орыс немесе басқа тілдер қатар қолданылып теңесіп, конституциялық принцип орындалады. Өкінішке орай, бүгінгі күні жоғарыда айтқандай орыс тілі мемлекеттік тіл – қазақ тілінің ор-

тез арада шешуіміз керек. Жоғарғы оқу орнына түсетін студенттерден бастап адвокатураға, тергеуге, прокуратура, сот саласына келетін үміткерлердің бәрінен мемлекеттік тілді білуді талап ететін уақыт жетті деп есептейміз. Бұрын қай мамандықты тандасаң да жоғары оқу орнына түсерде орыс тілінен ди́ктант жазу міндетті болатын. Бәріміз сол сағыдан өттік. Өскісі, білім алғысы келгендер орысшасын жетілдірді, сауатты жазуға тырысты. Мемлекеттік тілді өз биігіне шығарғымыз келсе, тәуелсіз Қазақстанның білім ордаларына қабылданатын шәкірттердің қазақ тілінде сауатты ди́ктант жазуын міндеттеуіміз керек. Ди́ктантты сауатты жазған адам, қазақша сауатты сөйлеуге де машықтанады.

Мемлекеттік тіл мәселесі таразы басында тұрғанда жоғары талап қоядан тайсалмау керек. Бізден басқа әлемнің ешбір елінде сол елдің мемлекеттік тілін білмейтін азаматтардың

заң қызметкері оның ішінде судья болып жұмыс істей алмайтындығын баршамыз жақсы білеміз. Ал бізде неге олай емес? Себебі, біз әлі күнге дейін қоғамда мемлекеттік тілді білудің қажеттілігін тудыра алмай отырмыз. Мемлекеттік тілді білмеген адам қарға адым аттай алмауы керек! Мемлекеттік тілді білмейтін адамның арты құз, алды жар болып, барар жері, басар тауы жоғын түйсінуі тиіс. Ал біз әлі күнге дейін үлкенді-кішілі жиында, көптеген істерді қарау кезінде де бір ғана өзге ұлт өкілі, немесе ана тілін білмейтін бірлі-жарым қандастарымыз үшін бәріміз орысша шүлдірлейміз, сондағымыз «ұят қой енді». Кейде өзге ұлт өкілдерінің қазақша майын тамызып сөйлеп тұрғанын көріп, сәлемдесуден арыға бара алмаған бауырларымыздың енжарлығына көңілің қалады. Осы жерде туып, осы жерде өскен, осында оқып, тәрбиеленген осы елдің азаматы атанған ол немесе олар мемлекеттік тілді білмегеніне ұялмайды, ендеше неге біз ұялуымыз керек? Ұяттың да орны бар емес пе?

– **Сіз жоғарыда әкімшілік, қылмыстық істерді жүргізу барысында лауазымды тұлғалардың тарапынан мемлекеттік тілге байланысты заң бұзушылықтардың көп әсіберілетінін тілге тек еттіңіз. Ал енді бұл кемшіліктерді жойып, келешекте болдырмау үшін соттар тарапынан қандай іс-шаралар атқарылып жатыр?**

– Әрине, мұндай кемшіліктерге сот тарапынан міндетті түрде жекеше қаулылар шығарылу керек. Статистикалық мәліметтерге жүгінетін болсақ, мұндай кемшіліктер үшін 2020 жылы – 134, 2021 жылы – 177, 2022 жылы – 433 жекеше қаулы шығарылған. Жалпы жоғарыда көрсетілгендей республика заңгерлері мемлекеттік тілге байланысты қолданыстағы заң талаптарын қатаң орындап, басшылыққа алатын болса мемлекеттік тілдің қолданыс аясын еселеп арттыруға мүмкіндік бар. Мысалы, 2016 жылы Ақмола облысы соттары жалпы қараған істердің бар болғаны 1,3% ғана мемлекеттік тілде болса, 2021 жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 17% жетті (яғни көрсеткіш 13 есеге артты). Бұл көрсеткішке қалай жетті? Ол үшін облыс соттары жоғарыда көрсетілген заң талаптарын өздерінен де, сонымен бірге басқа құқық қорғау саласы қыз-

меткерлерінен де талап етті. Сондықтан сіздер мен біздер бір кісідей жұмылып, мемлекеттік тілге байланысты қолданыстағы заңдарды басшылыққа ала отырып жұмыс атқарсақ мемлекеттік тілдің қолданыс аясы еселеп өспек. Тек ниет керек, батылдық керек, әрине, патриоттық сезім керек.

– **Жаңа отандық соттарда қаралатын істердің 29 пайызы ғана мемлекеттік тілде екенін айтып өттіңіз. Сот отырыстарында кілең қазақ отырып орысша іс қаралғанына талай куә болдық. Арасында аудармашы көмегіне жүгінетіндер де бар. Дегенмен, осы аудармашылардың да біліктілігі көңілден шықпай жатады. Бұл бәлкім аудармашы қызметінің төмен бағалануына да байланысты шығар...**

– Аудармашылармен іс қарау, әрине, біраз қиындық туғызады. Бірақ солай екен деп істерді мемлекеттік тілде жүргізуден бас тартуға болмайды. Біз қазақ тілінің қолданысын арттыруға көмектесетін барлық мүмкіндікті пайдалануға тиіспіз. Жалпы, тергеу амалдарын жүргізетін лауазымды тұлғалар, заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ететін үлкенді-кішілі прокуратура қызметкерлері мен аудандық сот судьялары бұл мәселеге келгенде принциптік

танытпайды. Өкінішке қарай орталық мемлекеттік органдарда да осындай көзқарас қалыптасқан. Бабаларымыз Ел болашағы үшін қанын да, жанын да аямағанда, біздердің жай ғана маңдай терлейтіндей ауыртпашылдықтан қашқақтап ана тіліміздің болашағына балта шабуымыз қаншалықты дұрыс болмақ?!

Міне, осындай принципшілдік танытпаудың салдарынан аудармашылар жұмысына қатысты да мәселе аз емес. Соның ішінде олардың білім деңгейі, тәжірибесі; еңбекақы төлемі де бүгінгі күні ешбір сын көтермейді. Аудармашылардың бұл проблемалары 30 жылдан астам уақыт бойы шешілмеуі жоғарыда айтқандай көптеген істерді жүргізу тілінің заңсыз орыс тіліне ауыстырылып аудармашысыз қаралуымен тығыз байланысты. Бізде мысалы «Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың шыққан шығындарын өтеудің кейбір мәселелері туралы» деген Үкімет қаулысы бар. Аудармашылар еңбегіне 2015 жылы қолданысқа енгізілген осы қаулыға сай қаламақы төленеді. Осы құжатта көрсетілгендей, қылмыстық істерде орышадан қазақшаға немесе қазақшадан орысшаға аударма жасаған мамандардың бір сағаттық еңбегіне 1 АЕК-тің жартысы төленеді. Ал басқа тілден аударғандарға 1 АЕК-тен жоғары төлеу қарастырылған. Қазір 1 АЕК – 3063 теңге. Сонда қылмыстық іске қатысқан аудармашының бір сағаттың жұмысын 1530 теңге боп тұр ғой. Мұндай ақыға қандай білікті маман жұмыс істеуі мүмкін? Сот ісіндегі құжаттардың бір беттік аудармасы да 1530 теңге. Енді осыны нарықтағы аудармашылар еңбегімен салыстырып көрейікші. Міне, мәселе қайда! Бұл сұрақты бүгін, жаңа Қазақстанның патриоттары сіздер мен біздер шешетін уақыт жетті деп есептейміз.

Қазақтың ақиық ақыны Қадыр Мырза Әлі «ана тілің – арың бұл, ұятың боп тұр бетте, өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деп ана тілді әрбіріміздің арымызға, ұятымызға теңеп тұр! Қандай керемет теңеу! Ал, осы екі қасиеті жоқ адамның қандай адам екені айтпаса да түсінікті емес пе?

– **Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Айнұр САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНЫЛАДЫ?

Соттар әр іс бойынша қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекеттердің жасалуы дәлелденгенін, оны жасаған кезде адамның есі кіресілі-шығасылы күйде болғанын тексереді. Сонымен бірге, адамның психикалық сырқатына байланысты өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігін немесе басқа да елеулі зиян келтіруі мүмкіндігін растайтын нақты фактілерді анықтайды.

Адамның психикалық сырқатының сипаты және ауырлығы оның осыған байланысты өзіне және басқа адамдарға қатысты зорлықшыл әрекеттер, өзге де қоғамға қауіпті әрекеттер (мүлікті ұрлау, өртеу, жою немесе басқа тәсілдермен бұзу және т.б.) жасауға бейімділігі, сондай-ақ қоғамға қауіпті ниетін жүзеге асыру мүмкіндігіне баға беретін аурудың күй-жағдайы – оның өзі үшін немесе басқа адамдар үшін қауіптілігі дәлелденуі қажет.

Егер қылмыстық іс қозғалған немесе қылмыстық ізге түсу жүргізілген адамның психикалық жай-күйіне күмән келтіретін мән-жайлар анықталса, міндетті түрде сот-психиатриялық сараптама тағайындалады.

Бұндай жағдайларға, атап айтқанда, сезіктінің, айыпталушының отбасында психикалық аурумен ауыратын туысқандарының болуы туралы, оның ақыл-ойы жетіспейтіндер үшін арналған мекемеде оқуы туралы, бұрын зақым алғаны туралы, психиатриялық емханаларда тіркелуі немесе емделуі туралы, бұрын психикалық сырқатына байланысты қылмыстық жауапкершіліктен немесе жазадан аусатылуы туралы және т.б. мәліметтер жатады.

Қылмыстық істе адамның ішімдік, есірткі, психотроптық немесе өзге де есепсіздіретін заттарды жүйелі түрде қолдануы туралы мәліметтер болған жағдайда қылмыстық процесті жүргізуші органдар осындай адамдарға куәландыру туралы қаулы шығарып, іске осы адам маскүнемдіктен, нашакорлықтан немесе уытқұмарлықтан мәжбүрлеу түрде емдеуді қажет ететіні және оған қарсылық жоқ екені туралы медициналық комиссияның қорытындысы қоса тіркеледі.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша қорғаушының қатысуы міндетті.

Есі кіресілі-шығасылы адамдарды немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасы бұзылғандардың ата-анасы, асырап алушылары, асырап алынғандары, бірге туған және бірге тұмаған аға-інілері, апа-сіңілері, атасы, әжесі, немерелері заңды өкілдері болып танылады. Егер жақын туысқандары болмаған жағдайда, қорғаушы немесе қылмыстық процесс жүргізуші органның қатысуға рұқсатымен іс бойынша

басқа адамдардың заңды мүддесін қорғауға құқылы адам оның заңды өкілі бола алады.

Жақын туысқаны болып танылатын есі кіресілі-шығасылы адамның заңды өкілі өзінің келісімімен ғана және заңды өкілі болып басқа заңда көрсетілген жақын туысқаны танылғаннан кейін заңмен тыйым салынған әрекетті жасаудың мән-жайлары туралы куәгер ретінде жауап бере алады.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адам психикалық сырқатының сипатына және ауру дәрежесіне қарай өзіне және басқа да адамдарға қауіп келтірмейтін болса, сондай-ақ өзге де маңызды зиян келтіру мүмкіндігі болмаған жағдайларда, тергеуші іс жөніндегі сот ісін қысқарту туралы қаулы шығарады.

Алдын ала тергеу барысында адамның қылмысты жасағаннан кейін психикасының бұзылуы қылмыстық ізге түсуді жалғастыруға мүмкіндік бермейтіні анықталса, қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жөніндегі өндірісті тоқтатады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қылмыстық істерді бірінші сатыдағы соттар қарайды.

Соттардың назары істің дұрыс шешілуіне маңызы бар, адамның қылмыстық заңда көрсетілген қоғамға қауіпті әрекеттерді жасағанын растайтын немесе теріске шығаратын дәлелдерді, сондай-ақ өзге де маңызды мән-жайларды мұқият тексеру керек екендігіне аударылады. Осы мақсатпен сот мәжілісіне жәбірленушілер мен куәгерлер шақырылып, жазбаша дәлелдер жарияланып, қаралып және заттай дәлелдер зерттеледі. Адамның есі кіресілі-шығасылы екендігі туралы мәселені шешу, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану, мәжбүрлеу шараларының түрін белгілеу сот құзырына жатады.

Прокурор мән-жағдайларды растайтын, сондай-ақ аурудың өзі үшін және өзге адамдарға қауіптілігін дәлелдейтін істегі барлық дәлелдерді көрсетіп және олар дәлелденген жағдайда сотқа есі кіресілі-шығасылы адамға медициналық мәжбүрлеу шараларының бірін қолдануды ұсынады.

Сот істі сотта талқылаудың қорытындылары бойынша мына қаулылар-



ТАЛДАНОВ,
Ақтөбе қалалық
№2 сотының судьясы

дың бірін шығарады: егер іс бойынша өндірісті болдырмайтын мән-жайлар анықталса, істі қысқарту туралы; адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату және оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының бірін қолдану туралы; адамды қылмыстық жазадан босату және оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының бірін қолдану туралы; істі қысқарту және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданбау туралы; істі қосымша тергеу жүргізу үшін қайтару туралы. Соттар медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларының біреуін ғана және тек ҚК-тің 91-бабының 1 және 2-бөлігінде көрсетілген мән-жайлар анықталған жағдайда қолданады.

Маскүнемдік, нашакорлық немесе уытқұмарлықтан ауыратын адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы осы адамдарға тағылған айып бойынша қабылданған сот үкімінде немесе өзге қорытынды шешімінде көрсетіледі. Ақтау үкімі шығарылған кезде маскүнемдіктен, нашакорлықтан, уытқұмарлықтан мәжбүрлеп емдеу қолданылмайды.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану және психиатриялық көмек көрсету жүктелген денсаулық сақтау органдары медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары туралы осы адамдарға тағылған айып бойынша қабылданған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін, ал одан кейін жүйелі түрде 6 ай сайын ауруды куәландырып, қолданылған емдеудің тәсілдерінің және медициналық бақылаудың негізінде сотқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды өзгерту, мерзімін ұзарту немесе тоқтату туралы негізделген қорытынды ұсынады.

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Мәміле — азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтар мен міндеттер белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеті. Мәміле жасау үшін ұсыныс, екінші тараптан келісім керек.

МӘМІЛЕ ДАУДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

ҚР Азаматтық кодексінің 380, 382-баптарына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар шарт жасасуға және оның талаптарын айқындауға ерікті.

Заңнамада мәміле ауызша да, жазбаша да жасалады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың арасында және жеке тұлғалар арасында 100 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомаға мәміле жазбаша жасалады. Жазбаша мәміле тараптардың қол қоюымен, ортақ бір құжат толтыру жолымен және хат, жеделхат алмастыру жолымен де жасалуы мүмкін. Заңда немесе тараптардың келісімімен көзделген жағдайда жазбаша мәмілені нотариат арқылы куәландыру қажет. Жылжымайтын мәмілкке қатысты жасалатын мәмілелер мемлекеттік тіркеуді талап етеді. Мәміленің жарамдылығына қажетті алғышарттар ретінде мына талаптар сақталуға тиіс: мәміле жасаушылар көмелет жасына толғандар және ақыл-есі дұрыс адамдар болуы керек; әр тарап мәмілені өз ықтиярымен жасасу қажет; мәміленің мазмұны заң талаптарына немесе адамгершілікке қайшы болмау керек; мәміле заң міндеттеген нысанда жасалуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген талаптардың бірінің сақталмауы мәміле дауланатын болып табылады және сот оны жарамсыз деп тануы мүмкін.

АК-ның 9-бабының 1-тармағына сәйкес соттың мәмілені жарамсыз деп тануы азаматтық құқықтарды қорғау тәсілдерінің бірі болып саналады.

Мәмілеге қатысушылардың бірі оны міндеттемені орындаудан немесе үшінші тұлға не мемлекет алдындағы жауапкершіліктен жалтару ниетімен жасасқан жағдайда, ал мәміленің басқа қатысушысы бұл ниет туралы білген болса немесе білуге тиіс болса, мүдделі тұлға (мемлекет) мәмілені жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

АК-нің 159-бабының 2-тармағына сәйкес жосықсыз бәсекелестік мақсатын көздейтін немесе іскерлік әдеп талаптарын бұзатын мәмілені сот жарамсыз деп тануы мүмкін.

«Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 7 шілдедегі №6 нормативтік қаулысында даулы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талаптарды, оның салдарлары жөніндегі талаптарды қолдану туралы талапты мүдделі адам, тиісті мемлекеттік орган не прокурор қоюы мүмкін екендігін көрсеткен.

Егер қойылған талап жарамсыз мәміле бойынша алынған мүліктің кейін қайтарылуына байланысты болса,

талап қоюдың бағасы АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 13) тармақшасына сәйкес айқындалады және талап қою арызында көрсетіледі.

Заңның осы нормасына сай барлық алынған мүліктің кейін қайтарылуына байланысты шарттарды жарамсыз деп тану туралы істер бойынша талап қою бағасы мүліктің сотқа талап қойылған күнге нарықтық құнымен айқындалады.

Егер қойылған талап мүлікті жарамсыз мәміле бойынша заттай кері қайтару мүмкін болмаған жағдайда, кері қайтарылуға жататын мүліктің құнын, мүлікті пайдаланудың, орындалған жұмыстың немесе көрсетілген қызметтің құнын ақшалай түрде өтеуге байланысты болса, талап қоюдан бағасы АПК-нің 104-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес талап арызда айқындалады және көрсетіледі.

Осы ретте ескеретін жайт бар. Егер мәмілені жарамсыз деп тану туралы қойылған талапты қабылдау сатысында сот талап-арызда мәмілені жарамсыз деп танудың салдарларын қолдану туралы талап көрсетілмегенін анықтаса, онда осы мән-жай талап қою арызын қабылдаудан бас тарту немесе оны кері қайтару үшін негіз болуы мүмкін емес.

АК-нің 157-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес мәміленің нысанына, мазмұнына және қатысушыларына, сондай-ақ олардың ерік билдіру бостандығына қойылатын талаптар бұзылған жағдайда мәміле мүдделі тұлғалардың, тиісті мемлекеттік органның не прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Осы ретте мүдделі тұлға деп көрсетілген мәмілені жасаудың нәтижесінде құқықтары және заңды мүдделері бұзылған немесе бұзылуы мүмкін тұлға түсініледі.

Егер даулы мүліктің меншік иесі болып табылмайтын мүдделі тұлға мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қою арқылы сотқа жүгінсе, онда мәміленің жарамсыздығының салдарларын қолдану туралы мәселені шешу кезінде осы тұлғалардың заттық құқықтары қорғалуға жатады.

Сонымен қатар мәміленің жарамсыздығы және оның салдарларын қолдану туралы мәселелер тек азаматтық істерді қарау кезінде ғана емес, әкімшілік (Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сай) және қылмыстық істерді қарау кезінде де қолданылатынын ескерген жөн.

Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

СОТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Сот ғимаратына кірудің бұлжымас заңы, яғни өз тәртібі бар. Сот – кез келген адам баса-көктеп, әрлі-берлі өте беретін аула емес екені анық. Онда жолы түскен әрбір азаматтың білуі тиіс қатаң сақталар қағидалар бар.

«ҚР Жоғарғы Сотының, Қазақстан Республикасы жергілікті соттарының, ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) және оның аумақтық органдарының аумағы мен ғимараттарында өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету жөніндегі қағидаларды (қағида) бекіту туралы» Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті мен Ішкі істер министрлігінің бірлескен бұйрығы қолданысқа енді.

Бұл қағида келушілер, процесске қатысушылар, сот процесіне қатысатын өзге де адамдар, сондай-ақ ашық сот отырысына қатысуға ниет білдірген адамдар үшін республика сот органдарының аумағы мен ғимараттарындағы өткізу және объектішілік режимді қамтамасыз ету тәртібін регламенттейді. Осы қағидаға енгізілген жаңа ұғымдардың біріне сәйкес, сот ғимаратының көпшілік кіретін бөлігі дегеніміз – күту залдары, сот отырыстарының залдары, хат-хабарларды қабылдау және беру үй-жайлары, фронт-офистер.

Жергілікті соттардың сот приставтары тиісті үлгідегі киімдермен, темір іздегіш құралдармен, кісенмен, резенке таяқпен қамтамасыз етіледі.

Сот ғимаратының қауіпсіздігін тек сот приставы және күзет қызметі басқармасының қызметкерлері ғана емес басқа сот қызметкерлердің де міндеті болып табылады. Сот қызметкерлері сот ғимаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында барлық сезікті заттар мен азаматтардың әрекеттеріне ерекше көңіл аударуды, мұндай жағдай анықталса тез арада сот приставына, кіру бекетіндегі полиция қызметкеріне хабарлап айтуы керек. Адамдардың күзетілетін ғимаратқа және режимдік үй-жайларға кіріп кетуінің, ғимараттан тиісті рұқсатсыз қызметтік құжаттарды және материалдық құндылықтарды алып шығудың, ғимараттан қызметтік құжаттарды және материалдық құндылықтарды ұрлаудың, ғимаратқа техникалық байқау құралдарын атыс, суық қаруды, арнайы құралдарды рұқсатсыз кіргізудің алдын алуы.

Сот ғимаратының қауіпсіздігін сақтау мақсатында, әр қызметкер сот приставымен өзара үйлесімде жұмыс істеуі қажет. Бұл дегеніміз соттың, ең бастысы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғы шарты болып табылады.

Б.ИЗЕНОВ,
Қызылорда қаласының мамандандырылған тергеу сотының аға сот приставы

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап сыбайлас жемқорлықпен күрес саясатын нақтылап, бүгінде бүкіл әлемдік қауымдас-тықтың белсенді мүшесіне айналды. 2015 жылдың 18 қарашасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы қабылданды.

ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ЖЕМҚОРЛЫҚ ДАМИДЫ

Бұл заңның мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу. Бұл заңның ерекшелігі сол, билік басындағы лауазым иелерінің қызмет бабын жеке басының мақсаттарына пайдалануына, келеңсіз әрекеттеріне тосқауыл қою.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі.

ҚР заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Мысалы, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының

жалған қорытындысы немесе қате аудару, т.б. Сыбайлас жемқорлық қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз керек. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппаратқа деген шынайы сенімді жойдырады, оның беделін түсіреді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық тек жасырын сипатта ғана емес, сонымен қоса келісімді түрде жасалады, қағида бойынша ол өз артынан шағым тудырмайды, өйткені кінәлі тараптар заңсыз жасалған мәміледен өзара тиімді пайдаға ие болады.

«Дүние байлық неге керек, денсаулығың болмаса, төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Т.КАФЕЗОВ,
БҚО қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот приставы

ЖЕГІҚҰРТ

«БІР ҚҰМАЛАҚ БІР ҚАРЫН МАЙДЫ ШІРІТЕДІ»

Адам баласы табиғатынан байлыққа, дүниеге құмар. Қай жерден пайда көрсем, кімді сазға отырғызсам, затымды қалай қымбатқа өткізсем, қалай арбап, қалай алдасам екен дейтіндер де арамызда аз емес. Соның ішінде, жас мемлекетімізге зор қатер төндіріп отырған нәубет – мемлекеттік деңгейдегі сыбайлас жемқорлықтың түрлері.

Оның негізгісі корпоративті сыбайлас жемқорлық – капиталдың елден шығарылуы, салық төлеуден жалтару, кәсіпкерлігін жүргізу үшін шенеуніктерге пара беру, үстемақы алу үшін монополиялық жағдайды пайдалану, келісім, сараптама мен сертификат алу үшін пара беру түрінде кездеседі.

Саяси сыбайлас жемқорлық – ақша алып, мемлекеттік сатып алудың бюджеттік қаржысын заңсыз бөлу, түрлі мемлекеттік қызметтердің орындалуын тездету үшін пара алу, түрлі заңбұзушылықтарды жасыру үшін ақша бопсалау, қаржының депозит не облигация ретінде қаржы ұйымдарына

жіберілуі, инвесторларға заңсыз түрде қолайлы жағдай жасау. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлық – түрлі әлеуметтік жеңілдіктер мен қызмет үшін тұрғындардан пара алу, заңның бұзылуын жасыру, түрлі рұқсатнамалар алу.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа жататын қылмыс түріне – қызмет орнын, өкілеттігін пайдалану; билігін не қызмет өкілеттігін пайдалану; лауазымды тұлғаның өкілеттігін пайдалану; заңсыз түрде кәсіпкерлікпен айналысу; заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі болу; пара алу; пара беру; бопсалауда арада жүру; қызмет орнында алдау; қызмет орнындағы әрекетсіздік; немқұрайлылық жатады.

Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандар үшін ескі мерзім болмайды, шартты түрде сотталуға тыйым салынған, өмір бойы мемлекеттік қызметпен айналысуға тыйым салынады. Жыл сайын мыңдаған адам (шенеуніктер де, азаматтар да) сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Ең жоғары деңгейдегі шенеуніктер де, тіпті министрлер мен облыс әкімдері де сыбайлас жемқорлықпен айналысқаны үшін қамауға алынып, сотта-

лады. Егер сіз қандай да бір ұйым, мекемеде жемқорлық, бопсалаушылық, пара алу, пара беру және т.б. сыбайлас жемқорлық көрінісіне тап болсаңыз, бұл проблемаға немқұрайлы қарамаңыз. Ол үшін ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюросының орталығына хабарлассаңыз құба-құп. Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қай жерде болмасын, қандай мекемеде болмасын, ешкімнен тайсалмай әділдік үшін күресіңіз. Жеңесіз! Бір құмалақ бір қарын майды шірітетінін білесіз. Бұл елімізде әділдік жоқ дегенді білдірмейді. Ары таза, көкірегі ояу, өз ісіне берік заңгерлер аз емес. Қол ұшын беріп, көмек жасайтынына күмән келтірмеңіздер. Бүгінде сенім телефондары бар, еш тартынбай алдыңыздан шыққан «пара – парасыз не шара» дейтін көзқалталы шенеуніктердің жемі болудан сақтаныңыз.

Даулет ЖАППАРБЕК,
Түркістан облысының кәмелетке
толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының аға сот приставы

ОҢ ҚАДАМ

УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМІ БАРЛЫҚ ТАЛАПҚА САЙ

Соңғы жылдары жоғары білім алуға ынталы жастардың үлесі айтарлықтай өсті. Бұл жұмыс берушілердің тек мықты маманды таңдауына мүмкіндік береді. Ал жоғары оқу орындары әр шәкіртінің сұранысқа сай, қоғам қажеттілігіне жауап беретін білікті маман болып шығуы үшін бар жағдайды жасап отыр. Соның ішінде біз білім алып жатқан әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті мықты маман дайындаудың нағыз ұстаханасы ретінде мойындалған.

Бұл білім ордасына түскен тұлалектер ең озық әдістер мен технологияларды меңгереді. Және бұл университет іргелі жоғары білімі бар, ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді жоғары деңгейде дамытатын, олардың нәтижелерін экономика мен қоғамға

тиімді енгізетін әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандарды дайындайды.

Университеттегі бизнес және жоғары мектептің бизнес технологиялар кафедрасы 1949 жылы ашылып, 1963 жылы Алматы халық шаруашылығы институтының құрылуына негіз болған. Бұл кафедрада 20 ғылым докторы, 45 ғылым кандидаты мен 10 PhD. докторы қызмет етеді. Университеттің дәстүрлі болмысы мен оқытудың заманауи әдістерінің үйлесім табуы менің білімге деген құштарлығымды арттырып келе жатыр.

Менің университетім еліміздің дамуына сүбелі үлес қосқан көптеген отандық ғалымдар, беделді мемлекеттік қызметкерлер, табысты кәсіпкерлер, жоғары оқу орындарының ректорлары, атакты спортшылар-

дың кара шаңырағы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қызықты іс-шараларға толы, мәнді әрі мағыналы студентік өмір мен қолайлы кампустары бар. «Рейтинг.kz» зерттеу орталығы жүргізген сауалнама қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 41,7 пайыз жинап, 5-орында тұр. Осындай айтулы білім ордасында оқып жатқанымды мақтан тұтамын.

А.ҚАЛДЫБЕК,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
университеті «Бизнес технологиялар»
кафедрасының 4-курс студенті
Жетекшісі: аға оқытушылар
Ш.АБДИКУЛ,
Э.БАЙМУХАНБЕТОВА,
А.АЖМУРАТОВА

ЖАРНАМА

8. ЖАРНАМА
Т.Р. БАНДЫРМА ОТБАСЫЛЫҚ СОТЫНАН НЕГІЗ NO: 2021/725 Негіз
Талапкер Ферхат ОЛМЕЗ жауапкер Ирина Андреева ОЛМЕЗ-ге неке бұзу туралы талап арызында жауапкер Ирина Андреева ОЛМЕЗ-ге арызда көрсетілген мекенжай бойынша шақыру қағазы беріліп, тиісті хабарлама жасалмаған. Мекенжай бойынша іздеу нәтижесін алу мүмкін болмағандықтан, хабарландыру жасау туралы шешім қабылданды.
Талапкер тарапынан сіз туралы рухани түсінігінің жоқтығынан, отбасындағы кикілжіңнің болуынан жауапкер талапкерге құрмет пен сүйіспеншілік танытпаған, күнделікті өмірде тиісті күтім көрсетпеген, некеге тұрғаннан кейін бірнеше айдан кейін ортақ тұрғылықты жерінен кетіп, Қазақстанға кетіп қалған, одан әрі бірге өмір сүру мүмкін болмағандықтан, некені бұзу туралы шешім қабылданды. Азаматтық іс жүргізу кодексінің 122-бабына сәйкес, осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 7 күн ішінде сізге хабарланған болып саналады және 2 апта ішінде бастапқы қарсылықтар болған жағдайда және барлық дәлелдеріңізді, егер бар болса, куәлардың аты-жөні мен тегін, куәларыңыздың мекенжайын көрсете отырып, куәлар қандай мәселе бойынша тыңдалатынын көрсете отырып, жауап беру туралы өтініш бере аласыз. Әйтпесе, сіз талап-арызда көрсетілген тармақтарды жоққа шығарған болып есептелесіз, қажет болған жағдайда дәлелдемелерді алдын ала төлей отырып, олардың қарсылықтарын және жиналған дәлелдемелерді көрсете аласыз (АІЖК 121, 121, 127, 128, 129/1, 140/5, 145, 194, 240 бап).
Хабарландыру өтініштің орнына жарамды деп есептеледі.
Мекенжай: БАНДЫРМА ОТБАСЫЛЫҚ СОТЫ Толық ақпарат алу үшін Финген Чинар хатшы

ӨРТҮРЛІ

2. Маңғыстау облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 05.12.2022 жылғы ұйғарымымен «Ақтау-Транзит» ЖШС-не (БСН 000740003881) қатысты оңалту рәсімдерін колдану туралы іс қозғалды.

3. «Қарағанды облысы білім басқармасының «Ақтоғай аграрлы-техникалық колледжі» МКМ», БСН 010340002612, өзінің жедел басқару құқығындағы Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны түрінде қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды.

ЖАРНАМА

БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

ЖАРНАМА

ҚАБЫЛДАЙТЫН

ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73

www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru

Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесі, 6.

4. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 13 желтоқсандағы ұйғарымымен «BK TRIUMPH» ЖШС-не (БСН 190940000217) қатысты оңалту рәсімдерін колдану туралы іс қозғалды. Іс өндірісінің күні 2022 жылдың 29 желтоқсанға белгіленді.

5. «АВТОломбард RETAIL BUSINESS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2022 жылғы 14 қыркүйектен бастап «Ломбард қызметі» микроқаржылық қызметке лицензияның қолданылуын тоқтату туралы хабарлайды. Лицензияның нөмірі: 02.21.0065.L Берілген күні: 31.03.2021 ж., жалғыз қатысушысының шешімі № 2 14.9.2022 ж.

6. «Brother Lombard» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Жалғыз қатысушының 14.9.2022 жылғы №2 шешімімен 2022 жылғы 14 қыркүйектен бастап «Ломбард қызметі» микроқаржы қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензияның қолданысы тоқтатылғаны туралы хабарлайды, Лицензия нөмірі: 2.21.0077.L. Шығарылған күні: 5.04.2021 ж.

ТАРАТУ

7. «Жантөре Токтарбай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 220440008629, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Ақсуат ауданы, Ақсуат ауылы, Молдабай көшесі, 25 үй.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78


ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Койкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА:
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

✉ zanreklama@mail.ru

«СӨЗІ ЖОҒАЛҒАН ЖҰРТТЫҢ, ӨЗІ ДЕ ЖОҒАЛАДЫ»

Тәуелсіздік алғалы бері Қазақстандағы мемлекеттік тілді дамыту және қолдау нәтижелері қандай деңгейде екенін айқындайтын басты көрсеткіш – бұл шынайы қоғамдық ортаның мүддесі мен рухани саналы көзқарасы. Қоғамдық ортадағы мемлекеттік тілдің қолданылуы тілдік ортаның нығаюымен күшейеді.

Әрбір жүрегі «елім» деп соккан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы ояу адамның өз елінің шын жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет.

Қазақ тілі – ең әдемі, кестелі, бай тіл. Қазақ халқының бойына сіңген ата-бабаларымыздың тәлім-тәрбиесі, үлгі өнегесі, біздің тұлға болып қалыптасуымызға себепкер болғаны, үлкен үлес қосқаны анық.

Тіл – сөйлеу мен ойды жеткізудің құралы болумен қатар, өткендегі олжаларды бүгінгі күнге, ал бүгінгі пайымдарымызды келешекке жеткізу үрдісінде де өте маңызды дәнекерлік міндет атқарып келеді.

Ұлтжанды тіл жанашырлары мемлекеттік тілдің туын көтеру үшін жан айқайын салып, түбегейлі қазақ тілді қоғамдық ортаны қалыптастырудың саяси да, рухани да, заңдық жолдарын көрсетіп, тіпті басқа елдердің онтайлы тәжірибелерін негізге алып қоғамдық тілдік ортаны өзгертуді де ұсынуда. Әр ұлт ғасырлар бойы қалыптас-

қан өзіне тән тілімен, салт дәстүрімен ерекше. Қазақстан – біздің Отанымыз, ал, Отанымыздың тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты «Мемлекет өз тарапынан тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр, бүгінгі күні қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазды мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Әлі-ақ, қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады, тек оны насихаттай білуіміз керек. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят».

Осы орайда, патриотизм мен жалпы адамзатты ынтымақтастыққа тәрбиелеу, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мәселелері тиісті деңгейде қолға алынып отыр.

Назира ШАМҒОНОВА,
Орал қаласы әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының бас маманы

Тіл – халықтың жаны, руханияттың алтын қазығы. Мемлекеттің өзіндік бет-бейнесін көрсетіп, өзгелерден ерекшелейтін негізгі белгі де осы тіл. Сондықтан да мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында әр салада ауқымды шаралар тұрақты қолға алынып келеді.

ҚОЛДА БАРДЫҢ ҚАДІРІН БІЛЕЙІК

«Театр киім ілгіштен басталады» демекші, мемлекеттік тілдің қолданылу деңгейін байқау үшін мемлекеттік ғимараттар табалдырығын аттап, мемлекеттік қызметкерлер отыратын бөлмелерге көз салсақ жеткілікті. Мәселен, еліміздегі кез келген сот ғимаратына кірсеңіз төрде тұрған Көкбайрағымыз бен көрнекі жерге ілінген Елтаңбаны, онымен қатар орын алған мемлекеттік Әнұранның мәтінін көруге болады. Бұл мемлекеттегі рәміздерді дәріптеудің, құрмет қалыптастырудың белгісі. Ғимарат ішіндегі қажетті ақпараттардың барлығы мемлекеттік тілде жазылған. Азаматтар өзіне қажетті құжаттарды мемлекеттік тілде сұратып, толтыра алады. Сонымен бірге, сот кеңсесіне қызметке тұрған мамандардың екі тілде еркін сөйлеуі, әсіресе мемлекеттік тілді жетік білуі міндеттеледі. Өйткені, сот жұмысындағы ішкі-сыртқы құжаттар 100 пайыз мемлекеттік тілде жазылып, дайындалады.

Ендігі мәселе – сот мемлекеттік тілде ұсынып отырған қызметті аза-

маттар толық пайдалана алып отырма? Сырттан түсетін, шағым, арыз, ұсыныс-тілектерді саралап отырып азаматтардың мемлекеттік тілде құжат әзірлеуге, сауал қоюға, арыз жазуға шорқақ екенін байқау қиын емес. Ата Заңымызда мемлекеттік тіл қазақ тілі деп көрсетілгенімен, қылмыстық, азаматтық кодекстерде арыз қай тілде жазылса, іс сол тілде қаралатыны дәйектелген. Міне, осы заңдылыққа сүйенген азаматтар арызын орыс тілінде ұсынып жатады. Кейде бұған тергеу органдарының, заңгерлер мен адвокаттардың әсер ететіні де рас. Қазақ тілінде жазылған арызға тіркелген құжаттардың басқа тілде болуы, іс бойынша жасалған сұраныстарға іс жүргізу тілінен басқа тілде жауап берілуі. Мұндай кездерде, арыз берушіге басқа тілдегі құжаттардың аудармасын тіркеу ұсынылады, оған мүмкіндігі болмағанда, аудармашының көмегімен құжаттардың аудармалары жасалады. Немесе, сотқа талап-арызды орыс тілінде беріп, алайда істі сотта қарау бары-

сында талапкердің өзі мемлекеттік тілде түсінік беруді қалайтынын, ал талап-арызды басқа құжаттар орыс тілінде болуына байланысты бергенін айтатын жағдайлар да кездеседі.

Сонымен қатар, өзі орысша жетік білмесе де ісінің орыс тілінде қаралуына мүдделі жандардың көптігі қынжылтады. Үлкендердің тілге қатысты осындай теріс көзқарасын көріп, біліп өскен ұрпақтың мемлекеттік тілді қадірлеуі екіталай.

Жалпы, мемлекеттік тілде сөйлеуге, жауап беруге немкетті қарайтындар осы әрекеттері арқылы ұлттық құндылықты жоюға, ана тіліміздің маңызын төмендетуге атсалысып жатқанын ұмытпағаны жөн. Қазақ тілі – сіз бен біздің тіліміз. Сондықтан тілді дамытуды өзімізден бастайық. Тілі жоғалған жұрттар әлемде қаншама! Біз де қолда бар алтынымыздың қадірін білейік!

Нұрсұлтан АХМЕТ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының приставы

БАҒДАР

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ШЕКТЕУЛЕР

Мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызметкердің еңбегіне тікелей байланысты. Дамыған елдердің тәжірибесі елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мемлекеттік аппараттың кадрлық мүмкіндігі аса маңызды екендігін көрсетіп отыр.

Жаңа ғасырда – Қазақстанның алдында мықты экономика, саяси және әлеуметтік жүйені қалыптастыру бойынша жаңа міндеттер тұрды. Ол үшін қоғам сұраныстарына, заман талабына жауап беретін мемлекеттік қызмет моделін құру қажет болды.

Меритократия, тиімділік пен нәтижелік, транспаренттілік пен қоғам алдында есеп беру ұстанымдарына негізделген мемлекеттік қызмет жүйесінің қалыптасуын 1999 жылы қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заң қамтамасыз етті. Оған сәйкес, елдің бірыңғай кадрлық саясаты айқындалды, ал ең бастысы міндетті конкурстық іріктеуді енгізу арқылы азаматтардың мемлекеттік қызметке түсудегі тең қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша Конституциялық құқықтары жүзеге асырыла бастады.

Бүгінгі күні елімізде мемлекеттік қызмет толығымен жанартылып, заман ағымына орай реформаланды.

Мемлекеттік қызметке түрудың заңмен бекітілген шарттарын екі топқа бөлуге болады: саяси мемлекеттік қызметкерлердің мемлекеттік қызметке тұруы — тағайындау немесе сайлау негізінде, сондай-ақ, өзге жағдайларда заңнамада белгіленген тәртіп және шарттарға орай жүзеге асырылады; мемлекеттік әкімшілік қызметке орналасу және мемлекеттік әкімшілік қызметкердің жоғары санатты қызметке тұру жолымен қызмет бабында жоғарылауы бәсекелік негізде жүзеге асырылады. Азаматтар мемлекеттік қызметке тұру үшін мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

Қазақстан Республикасының азаматтығына ие болуы;

заңнамамен тиісті қызметке байланысты өзге талаптар белгіленбеген болса, жасының он сегізден кем болмауы;

тиісті білімі, кәсіби дайындық деңгейі және қойылған біліктілік талаптарына сәйкестігі.

Мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайына қызметшінің мемлекеттік қызметпен байланысты қызметі үшін белгілі бір шектеулер бекітетін нормалар кіреді. Осы негізгі шектеулер «Мемлекеттік қызмет туралы» заңның 13-бабында бекітілген. Мемлекеттік қызметкер:

өкілді органның депутаты болуға; педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін қызметпен айналысуға; кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оның ішінде коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу Қазақстан заңнамасына сәйкес оның лауазымдық өкілеттіктеріне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға құқылы емес.

өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы мемлекеттік органда үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;

өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға; ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға кедергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;



Б.ҚАЛЖАНОВ,
Ақтөбе қаласы №2 сотының кеңсе бас маманы- сот отырысының хатшысы

лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға құқылы емес.

Мемлекеттік қызметші заңнамамен бекітілген тәртіпте, қызметке қабылданғаннан кейін бір айдың ішінде осы адамға заңды түрде тиесілі ақшаны, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өз меншігіндегі, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды және пайдаланылуы кірістер алуға әкелетін өзге де мүлікті мемлекеттік қызметті өткеру уақытында Қазақстан заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға тапсыруы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің әртүрлі санаттарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері оларға жүктелген міндеттермен және қызметтік өкілеттіктер сипатымен, өздері қызмет ететін мемлекеттік органдардың қызметінің ерекшелігімен түсіндіріледі.

Мемлекеттік қызметті өтеудің мән-жайлары өзгергенде мемлекеттік қызметшінің құқықтық жағдайы да өзгереді. Мысалы, қызмет бабымен көтерілу мемлекеттік қызметшіге қосымша өкілеттіктер, құқықтар мен міндеттер береді: қызмет бойынша қосымша шектеулер мен тыйым салуларда жазаға тартудың ерекше тәртібі бекітіледі.

РЕФОРМА

СОТ ЖҮЙЕСІ – ЖАУАПТЫ САЛА

ҚР Жоғарғы Соты соңғы жылдары азаматтардың құқығын қорғау, заңның пәрменін күшейту мәселесіне қатысты көптеген игілікті істер атқарды. Ашықтық пен қолжетімділікке шын мәнінде белсенді қадам басты. Бұған осы жүйеге енгізілген сот кабинеттері мен электронды үкімет, сандық форматтың көмегі көп тиді. Мамандармен тікелей байланыс болмағаннан кейін елдегі көп салада сыбайлас жемқорлықтың жолы кесіле бастады. Мұның бәрі Қазақстанда заманауи сот жүйесінің қалыптасқанын көрсетті. Мемлекет басшысы да азаматтардың құқықтарының сотқа жан жақты қорғалуын тікелей тапсырып, қазақстандық сот жүйесінің іргелі реформалардың алдында жүру қажеттігін айтқан-ды. Судьялар біліктілігінің жоғарылығы мен кәсібилігі бүгінгі таңда бірінші орынға шықты. Бұл жаңашылдықтардан кейін шала сауатты, білім білігі жоқ, қарапайым азаматтармен қарым-қатынаста әдеп нормаларынан хабары жоқ мамандар сот саласынан алыстаты бастады.

Қазір судьялыққа үмітті азаматтарға қатысты талап күшейген.Судьяларды кадрлық тұрғыда қайта жасақтау үрдісі барысында олардың мінез-құлқына байланысты жоғарғы талап стандарттары мен заманауи, құқықтық қарым-қатынас аясындағы Әдеп нормалары қарастырылды. Қазіргі таңда елдегі сот корпусының барлық инстанциядағы судьялар талапқа сай қызметтерін атқаруда. Қазақстандағы сот жүйесінің аса жауапты, маңызды факторға ие сала екендігін ескере отырып, қызмет сапасын да осы талапқа лайықты орындап жүр. Қазақстандық сот жүйесіне заң үстемдігінің салтанат құрғаны, азаматтардың теңқұқылы, тәуелсіз өмір сүргені бағалы. Халық сенімінен артық абайрой бедел жоқ. Сондықтан ел судьялары мен сот мамандары қарапайым халықпен жұмыс барысында осындай талап үддесінен шығуға тырысады.

Эльнура БЕДЕЛБАЕВА,
Алақол аудандық соты кеңсесінің жетекші маманы ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ



ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. Маңғыстау облысы
Алматы облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Ақтөбе облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Атырау облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Батыс Қазақстан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5527 дана
Апталық таралым 11 054 дана
Тапсырыс №186 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31